

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК
УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Жоғары оқу орнынан кейінгі медициналық білім беру» факультеті
Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясы мәжілісінің
№2 ХАТТАМАСЫ**

Шымкент қаласы

22.12.2025 ж

Қатысқандар: Комиссия төрағасы:

1. Шапамбаев Н.З. – Асс. Профессор, ЖДП №1 кафедрасының меңгерушісі

Комиссия мүшелері:

1. Искандирова Э.Д., м.ғ.к., терапия кафедрасының қауымдастырылған профессоры;
2. Калменова П.Е., м.ғ.к., педиатрия кафедрасының доценті;
3. Сахова Б.О., медицина магистрі, терапия кафедрасының аға оқытушысы;
4. Саркулова И., магистр, акушерлік гинекология кафедрасының аға оқытушысы, комиссия хатшысы

Қатыспағандар: жоқ

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Білім алушылардың ББ оқыту нәтижелеріне жетуін қамтамасыз етілуіне жүргізілген мониторингті талдау

1-ші сұрақ бойынша: Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясы төрағасы Асс. Профессор Шапамбаев Н.З. сөз алып, күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша факультетте қаншалықты силлабустарының білім алушылардың ББ оқыту нәтижелеріне жетуіне көмектесетінін анықтауға мониторинг жүргізілгендігін баян етті. Мониторинг барысында оқытушы-профессор құрамының дайындалған силлабустарына талдау жүргізілген. 2025-2026 оқу жылында резидентура мамандығы бойынша 31 ББ ға силлабустар толық жасалынып, бекітілген. Интернатура мамандығы бойынша 6B10155-«Жалпы медицина», 6B10156-«Стоматология» және 5B130100-«Жалпы медицина» білім беру бағдарламасы бойынша силлабустар толық жасалынып, бекітілген :

**Резидентура бағдарламасы бойынша білім беру бағдарламалары бойынша жасалынған
силлабустар тізімі**

№	код	БББ атауы	Қазақша	Орысша
1	7R01107	Кардиология ересектердің, балалардың	+	+
2	7R01126	Аллергология ересектердің, балалардың	+	+
3	7R01110	Гастроэнтерология ересектердің, балалардың	+	+

4	7R01127	Пульмонология ересектердің, балалардың	+	+
5	7R01108	Эндокринология ересектердің, балалардың	+	+
6	7R01123	Жұқпалы аурулар ересектердің, балалардың	+	+
7	7R01122	Дерматовенерология ересектердің, балалардың	+	+
8	7R01113	Психиатрия ересектердің, балалардың	+	+
9	7R01114	Радиология	+	+
10	7R01112	Анестезиология және реаниматология ересектердің, балалардың	+	+
11	7R01115	Кардиохирургия ересектердің, балалардың		
12	7R01128	Ангиохирургия ересектердің, балалардың	+	+
13	7R01109	Нейрохирургия ересектердің, балалардың	+	+
14	7R01131	Жақ сүйек-бет хирургиясы ересектердің, балалардың	+	+
15	7R01118	Балалар хирургиясы	+	+
16	7R01124	Онкология ересектердің		+
17	7R01120	Травматология, ортопедия ересектердің, балалардың		+
18	7R01121	Урология ересектердің, балалардың		+
19	7R01111	Офтальмология ересектердің, балалардың	+	+
20	7R01119	Оториноларингология ересектердің, балалардың		+
21	7R01101	Педиатрия	+	+
22	7R01125	Неонатология	+	+
23	7R01102	Акушерия және гинекология ересектердің, балалардың	+	+
24	7R01103	Жалпы хирургия	+	+
25	7R01104	Неврология ересектердің, балалардың	+	+
26	7R01106	Отбасылық медицина	+	+
27	7R01105	Терапия	+	+
28	7R01117	Физикалық медицина және реабилитация ересектердің, балалардың	+	+
29	7R01116	Клиникалық фармакология	+	+
30	7R01130	Терапиялық стоматология	+	+
31	7R01129	Патологиялық анатомия	+	+

**Резидентура бағдарламасы бойынша білім беру бағдарламалары бойынша жасалынған
силлабустар тізімі**

№	код	БББ атауы	Қазақша	Орысша
1	6B10155	Жалпы медицина	+	+
2	5B130100	Жалпы медицина	+	+
3	6B10156	Стоматология	+	+

ББ бойынша бекітілген силлабустар талқыланып күтілетін оқыту нәтижелерімен және университет мақсатымен, миссиясымен және құндылықтарымен байланысы бар екендігін сөзге тиек етті. ББ-лардың оқыту нәтижелері білім алушыларға бағытталған, Дублин Дескрипторларына сәйкес және Блум таксономиясы негізінде әзірленген деп қорытынды

шығаруға болады. Силлабустарда көрсетілген оқыту әдістері және бағалау критерийлері білім алушылардың соңғы оқыту нәтижелеріне жету дәрежесін бағалауға мүмкіндік береді. Мониторинг жүргізу барысында әр кафедраның меңгерушісі білім беру бағдарламаларындағы жалпы және кәсіби құзыреттер бойынша оқыту нәтижелеріне мониторинг жүргізілгендігін айтты. Білім беру бағдарламаларындағы оқыту нәтижелері ББ оқыту нәтижелерімен тығыз байланыста қарастырылғандықтан, силлабустардың ішіндегі әрбір пәнді игеру арқылы білім алушы ББ оқыту нәтижесіне қол жеткізетіндігін аталынып өтті. Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясы төрағасы Сахова Б.О. сөз алып : Жүргізілген мониторинг нәтижелері резиденттер мен интерндердің білім беру бағдарламалары бойынша күтілетін оқыту нәтижелеріне жоғары деңгейде жетіп жатқанын көрсетті. Білім алушылар клиникалық ойлау, пациентпен тиімді коммуникация, қауіпсіздік принциптерін сақтау және дәлелді медицинаға негізделген шешім қабылдау дағдыларын сенімді меңгерген. Симуляциялық орталықтағы жаттығулар, ОСКЭ емтихандары және портфолио материалдары тұрақты оң динамиканы көрсетті: манипуляциялық дағдылар сапалы орындалады, командалық жұмыс мәдениеті қалыптасқан, кәсіби жауапкершілік пен этикалық нормаларды ұстану деңгейі жоғары. Тәлімгерлер мен кафедра тарапынан алынған кері байланыс білім алушылардың белсенділігі, дербестігі және клиникалық жағдайларды талдау қабілеті айтарлықтай жақсарғанын айтып өтті. Кафедра меңгерушілері барлық ББ оқыту нәтижелеріне мониторинг және талдау жұмыстарын жүргізіліп жатқаны туралы айтып өтті, сонымен қатар факультеттің Академиялық комитеті, оқу-әдістемелік кеңесімен бірге жұмыс жүргізілуде.

Шешімі: Білім алушылардың ББ оқыту нәтижелеріне жетуін қамтамасыз етілуі мониторингін жүргізу ұдайы бақылансын.

ФСҚЕК төрағасы:



Асс. Профессор Шапамбаев Н.З.

Хатшы:



И.С. Саркулова